

«Гүлдер» балабақшасындағы Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

23.09.2024ж

Қатысты: балабақша директоры, балабақша әдіскері, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі

1. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Балабақшадағы тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі, санитарлық жағдайы және тамақтану сапасын бақылау.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру.

Тыңдалды

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша директоры М.Овезова сөз сөйлеп, 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын жан-жақты таныстырды. Өз сөзінде ол Қамқоршылық кеңесінің қызметі балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. Сонымен қатар, жоспарға енгізілген іс-шаралар балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға, қоғамдық бақылауды күшейтуге және ата-аналардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди сөз алып, ұсынылған жұмыс жоспарының мазмұнына оң баға берді. Ол жоспардың барлық бағыттары қазіргі талаптарға сай жасалғанын айтып, әрбір іс-шараның сапалы әрі уақытылы орындалуы маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тек құжат жүзінде қалып қоймай, нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс екенін жеткізді. Кеңес мүшелерін жоспарланған жұмыстарға белсенді қатысуға шақырды.

2. Екінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі, санитарлық жағдайы және тамақтану сапасы жөнінде кең көлемде ақпарат берілді. Балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы күнделікті бақылауда екенін, ас мәзірі бекітілген нормаларға сәйкес жасалатынын және азық-түлік өнімдерінің сапасына ерекше көңіл бөлінетіні айттылды. Сонымен қатар, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында барлық қажетті қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылып жатқаны, қауіпсіздік талаптарының толық сақталуына ерекше назар аудару керектігі жеткізілді. Топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының және серуендеу аумақтарының жағдайын тұрақты бақылап отыру қажеттігі айттылды.

3. Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы баяндама жасады. Ол балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор екенін айтып, ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуы балалардың тәрбиесі мен дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

ҚК мүшесі Ондағанова Алина сөз сөйлеп, ата-аналарға арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер ұйымдастыруды ұсынды. Оның айтуынша, мұндай іс-шаралар ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

ҚК мүшесі Изғалиева Сауле ата-аналарды мерекелік іс-шараларға, спорттық жарыстарға және шығармашылық байқауларға көбірек тарту қажет екенін айтты. Бұл ата-аналардың балабақша қызметіне деген қызығушылығын арттырады деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Балалардың тамақтану сапасы мен санитарлық жағдайына бақылау тұрақты жүргізілсін.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.



Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Сейтахметов Амангелди
Хатшы Хайруллина Диана